

Әдістемелік кеңестің № 2 хаттамасы

Өткізілген күні: «29» қ а р а ш а 2025 жыл

Өткізілген орны: ЖК Н. И. Ғайып «Ақбөбек» жекеменшік балабақшасы

Қатысқандар: 10 қызметкер

Төраға: А. Базылбекова

Хатшы: Ж. Балгабаева

Тақырыбы:

«Бөбекжайдағы оқу-тәрбие процесінде цифрлық және интерактивті технологияларды енгізу»

Мақсаты:

Педагогикалық ұжымның жұмысындағы жетістіктер мен кемшіліктерді анықтап, оларды түзету жолдарын цифрлық құралдар арқылы белгілеу.

Күн тәртібі:

1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімінің орындалуы туралы.
2. Педагогтардың шығармашылық тақырыптары бойынша цифрлық жобаларымен таныстыру.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Әдіскер Ж. Балгабаева өткен әдістемелік кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы жөнінде есеп берді. Педагогтардың оқу-тәрбие процесінде цифрлық ресурстарды қолдану деңгейі, құжаттарды электрондық форматта жүргізу және цифрлық платформаларды пайдалану нәтижелері талданды. Атқарылған жұмыстардың оң нәтижелерімен қатар жетілдіруді қажет ететін бағыттар да атап өтілді.

2-мәселе бойынша: тәрбиеші А. Бажиева

Педагогтер өздерінің шығармашылық тақырыптары аясында әзірлеген цифрлық жобаларын таныстырды. Жобаларда интерактивті ойындар, мультимедиялық презентациялар, бейнесабақтар, QR-код технологиясы, цифрлық білім беру платформалары және балалардың танымдық қабілеттерін дамытуға арналған электрондық ресурстар ұсынылды. Әріптестер тәжірибе алмасып, жобаларды оқу-тәрбие процесінде тиімді қолдану бойынша ұсыныстар айтты.

Сөйлегендер: тәрбиеші Г. Утегенова

Педагогтер цифрлық технологияларды тиімді пайдалану балалардың қызығушылығын арттырып, оқу қызметінің сапасын жақсартатынын атап өтті. Сонымен қатар педагогтердің цифрлық құзыреттілігін тұрақты жетілдірудің маңыздылығы айтылды.

ШЕШІМ

1. Өткен әдістемлік кеңестің шешімдері орындалды деп есептелсін.
2. Педагогтердің шығармашылық жобаларын оқу-тәрбие процесіне кезең-кезеңімен енгізу қамтамасыз етілсін.
3. Цифрлық және интерактивті технологияларды ұйымдастырылған іс-әрекеттерде жүйелі пайдалану жалғастырылсын.
4. Педагогтердің цифрлық құзыреттілігін арттыру мақсатында тәжірибе алмасу, шеберлік сағаттары және өзара ұйымдастырылған іс-әрекеттер өткізілсін.
5. Шешімнің орындалуын бақылау Ж. Балгабаеваға әдіскерге жүктелсін.

Төрағасы

Хатшысы



А. Базылбекова

Ж. Балгабаева